

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

Н.Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Құттыгерей Смадияр

ЖОЛДАС ЖҰМАЛИЕВ



Алматы 2012

УДК 553.9
ББК 33.361
Қ 78

Құттыгерей Смадияр
Қ 78 **Жолдас Жұмалиев** Құттыгерей Смадияр – Алматы, 2012. –
211 б. – сер. «Мұнайшы»
ISBN 9965-816-45-X

Бұл кітап мұнай өнеркәсібін өркендетуге өзіндік үлесін қосып, өмірлік бай тәжірибесін арнап, сол салада ерен еңбегімен жарқырай көрінген абзал азамат, майталман өндіріс басшысы, КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі, бірнеше кен орындарын алғаш ашушы, геолог – Жолдас Жұмалиев жайында жазылған шығарма. Кітап авторы мұнай өнеркәсібінің қайнары – қарт Ембінің байлығын, осы өлкенің жасампаздығын, Жұмалиевтай ерлерінің ерен ерлігін ерекше бір сүйіспеншілікпен көрсетуге ұмтылған.

Кітап көпшілік оқырманға арналған, туындының тілі жатық, тағылымы мол.

УДК 553.9
ББК 33.361

ISBN 9965-816-45-X

© ОФ «Мұнайшы», 2012

БІРІНШІ БӨЛІМ

БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ

Апырым-ай,
Туған жер-ай!
Теңдесер кім,
Бұл жерге сен болмасаң, келмес едім.
Кіндігімді байлаған қазығым-ай,
Сен болмасаң, бұл маңды көрмес едім.

Жат көзімен қарайды адамдардың,
Жақын тартар құрбы да таба алмадым.
Жас отаудың есігін ашып қалып,
Айлам құрып, қайыра жаба алмадым...

Кел демеді немесе кет демеді,
Несін маған, білмеймін, өкпеледі?!
Сені сүйген жүректі, туған өлкем,
Сен өсірген біреулер жек көреді.

Туған елім,
Көрмесем сағынамын,
Кетсем ізім өзіңнен табылады.
Жасыра алман, інінің отауынан,
Ыстық маған атаның шаңырағы.

Мұқағали МАҚАТАЕВ.

Автордың ойы: «Қазақ мұнайының ардақтылары» өмірбаян сериясымен шығатын бұл кітап КСРО барлауындағы Мұнай өнеркәсібінің үздігі, «Қазақстан Республикасының кен орындарын алғаш ашушы»

белгісінің иегері, геолог Жолдас Әбітұлы Жұмалиевке арналып отыр.

Енді Жолдастың ата-тегіне аз-кем тоқтала кетейік. Таздан Абай мен Қабай туса, Абайдан Жастабан мен Шарға, Қабайдан Абдал туады. Ал, Жастабаннан Сүйірбас, Тілес, Байсары туады. Бұлар үш арыс Жастабанға жатады. Шарғадан Ақсерке, Асан, Сырлыбай, Күнбас, Жақсыбай, Жолым, Жиен, Жантай туса, бұларды сегіз арыс Шарға дейді.

Асаннан Күде, Дүйсенбі туады. Дүйсенбіден – Сүтек – Қарымсақ – Шоқабай – Жұмалы – Әбіт – Жолдас – Аслан Арсекен, Асланнан – Айдар, Әнуар, Арсланнан – Асхат болып бөлінеді.

Ал, Жолдас Әбітұлы ағамыздың өмірбаянына келетін болсақ, төмендегідей мәліметті көзге ұшыратамыз.

Жөкең 1956 жылдың 5 қыркүйегінде Байшонас кәсіпшілігіне қарасты Ескене кенішіне келіп, мұнай және газ өндіру цехына оператор болып кіреді. Осы кәсіпті 1957 жылдың 13-ші тамызына дейін істеген. Алматыдағы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтына түсуіне байланысты 1958 жылы 30 тамызда Байшонас кәсіпшілігіндегі жұмыстан босайды. Содан 1964 жылдың 24 наурызында Құлсары мұнайбарлау экспедициясы Прорва учаскесін сынау үшін 5 разрядты зерттеу операторы болып орналасады. Арада үш ай өткесін осы учаскеге инженер геолог болып ауысса, тағы үш айдан кейін Айранкөл учаскесіне инженер геолог болып тағайындалады. Ал, 1965 жылдың 1 маусымында Прорва участогінде аға геолог, 1967 жылдың 1 қарашасында «Эмбанефть» комбинатының бұрғылау конторына бас геолог болып ауысады. 1971 жылдың 20-шы қарашасында Прорва бұрғылау кеңсесінің қысқартылып, оның ізімен Балықшы барлау-бұрғылау басқармасының құрылуына байланысты ол басқарманың геологиялық бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалады. Ал, 1972 жылдың қараша айында жоғарғы оқу орнына түсуіне байланысты жұмыстан босатылады. Оқуды бітіріп келіп, 1975 жылдың тамыз айында бұрғылаудың №1-ші аудандық инженерлік-технологиялық қызметінің (РИТС-1) бастығы болып жұмысқа кіріседі. 1976 жылы РИТС-2 бастығы, 1978 жылы ЦИТС бастығы болып тағайындалады. 1984 жылы Бейнеу аудандық партия комитетіне ауысып, Қазақ КСР-нің 50 жылдығы атындағы Прорва мұнай-газ өндіру басқармасының партия комитетінің хатшысы болып сайланады. Ол 1986 жылдың 1 қыркүйегінде Прорва мұнай-газ өндіру басқармасы Жылой ауданына

қарауына байланысты қайта сол қызметке бекітіледі. 1989 жылдың 41-ші сәуірінде Оңтүстік Ембі терең барлау бұрғылау экспедициясының бастығы, 1991 жылдың 9-шы қазанында «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігіне ауысып, орталықтандырылған инженерлік-технологиялық қызмет бастығы, бас геологы болды. 1996 жылдан өмірінің соңына дейін Орталық ғылыми-зерттеу лабораториясының директоры қызметін атқарды.

Иә, кешегі КСРО дәуірінде талай азамат лауазымды қызметтерде болғаны шындық. Алайда, соның бәрінің есімі елдің есінде сақталып қалды деп айта алмаймыз. Себебі, халық кім-кімді де жасаған ісіне, сіңірген еңбегіне қарай бағалайды емес пе? Сайып келгенде, Жолдас Әбітұлының бұл жерде шоқтығы биік, жұлдызы жоғары тұрғаны белгілі. Өйткені, ол облыс мұнай өнеркәсібіне адал және қалтқысыз қызмет етіп, принципшіл, таза, әділетті жұмыс істеудің тамаша бір үлгісін көрсете білді. Сөйтіп, мұнайшылардың құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленді. Атап айту керек, оның атын жұрт жайдан-жай аңызға айналдырған жоқ еді.

Жолдастың еңбек жолына көз жіберген кісі оның үлкен өмірлік мектептен өткенін байқар еді. Ескене кентіндегі ауыл мектебін үздік бітіріп, Алматы қаласындағы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтына түсті. Білімділігі, іскершілігі және ұйымдастырушылық қабілетімен тез көзге түсіп, қызметі де шапшаң жоғарылап отырды. Ал, мұны екінің біріне бұйыра бермейтін бақ пен бақыт десек те, бір жағынан келешегінен зор үміт күтуге болатын іскер азаматты танып, көре білген сол кездегі мұнай өнеркәсібіндегі басшылықтың әділеттілігі мен байқампаздығын айту және бағалау орынды болған болар еді. Олай дейтініміз, талант болғанымен, талантты дәл байқап, оны қолдап отыру да жоғарғы кісілік пен адамгершіліктің белгісі іспетті.

Биыл Жолдас Әбітұлының туғанына 72 жыл толды. Өкініштісі сол, тағдыр оған өзінің туған күнін тойлауды жазбапты. Бірақ, бір шүкіршілік етерлігі тарихта, өмірде оның тек жақсы аты қалды. Жолдастың артында ерлікке пара-пар ісі, жақсы өнегесі қалды. Мұнайшылар қауымы оны еш уақытта ұмытпақ емес. Әркез жүрегі мен жадында сақтайды.

Қолыңыздағы «Қазақ мұнайының ардақтылары» өмірбаян сериясымен шыққан кітап та соның бір дәлелі. Мұнда біз Жөкеңмен қызметтес, дәмдес болған, қатар жүрген жора-жолдас, әріптес және де басқа көз көрген азаматтардың көзқарастары мен естелік әңгіме-диалогтарын

жариялап отырмыз. Мұның ішінде ағайын-туғандардың да ерекше ілтипатпен еске алған әңгімелері де бар.

Иә, Жолдас өте қарапайым өмір сүргенін екінің бірі біледі. Ол дүние-мүлік, байлық, ақша дегенге қызыққан емес. Қандай қызметте болса да, өзін ел-жұрттан бөлек және оқшау ұстауға тырыспаған екен. «Басшының ары, жаны таза болмаса, онда құрығаны, оны елі сыйламайды. Ісі ешқашан оңбайды. Тіпті, ілгері баспайды» деп отыратын. Ол мақтануды, өзін дәріптеуді де ұнатпайтын. Республикалық, баспасөзден, облыстық газеттерден келіп жатқан талай тілшіге өзі жөнінде айтпай, жолықпай, есесіне бұрғылау қондырғысында тұратын бұрғышыларды көрсететін. Солардың жақсы ісін жария етуге тырысты.

Өмірде менің көзімнің жеткені: адам ақылды болып жетілуіне жаратылысына біткен қасиетіне қосымша екі нәрсе себепкер болады екен. Ол тәжірибе мен білім. Тәжірибе – басынан өткенінді, көргенінді көңілге тую, одан тәлім алу болса, білім тек оқу арқылы келеді. Ал, атадан балаға қанмен тараған ақылдылық, байсалды мінезді тәжірибе мен білім толықтырса, төңірегіне нұр шашып тұрған азаматтар солардан шығады.

Білім өмірде – таяныш, жолда – дос, жалғыздықта – жолдас, қуанышта – бастаушы, қайғыда – медет, күресте – құрал, зұлымдыққа қарсы айла деп хадистерде бекер айтылмаған ғой.

«Білген адам – өкінбейді, мейірбан адам – мазасызданбайды, батыр адам – қорықпайды» дейді Конфуций.

Қиян шеттегі қазақ ауылындағы қазақ мектебін бітіріп барып, В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтына түсу ол кезде нағыз батырлық еді. Батырлық болатын себебі, ондағы сабақ түгелдей орыс тілінде жүретін. Ал, Жолдас осы қиындықты жеңе білді. Жеңіп қана қойған жоқ, техникалық пәндерді түгел «беске» тапсырды.

Осы жерде айта кету керек, Жолдас Әбітұлының кіндігі тамған жер Қызылқоға ауданындағы Ақшелек ауылы. Ақшелек Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс диверсанттары түскен ауыл ретінде есте қалды. Осы ауылға таяу жерде Каспий – Орск мұнай құбырының бойында орналасқан №3-ші мұнай айдау стансасы әлі күнге дейін жұмыс жасап тұр. Бұл стансаға Доссор, Мақат және Қосшағыл, Құлсары кәсіпшіліктері майды құбырмен жеткізетін. Осы стансадан май Орск мұнай айыру зауытына айдалатын. Осыдан болса керек, стансаның әскери стратегиялық маңызы ерекше еді. Бұған Мемлекеттік Қорғаныс

Комитетінің де, Вермахт генералдарының да айрықша көңіл бөлуі осыдан болса керек. Тіпті, стансаны күзетуге 45 адамнан тұратын әскерилендірілген отряд бөлінген-ді.

Осыған дейінгі кейбір кітаптарда Жолдас Әбітұлының туған жері Ескене деп көрсетіліпті. Ол дұрыс емес. Себебі, әкесі Әбіт соғыстан кейінгі жылдарда Мұнайлы, Тентексор, Ескене мұнай кәсіпшіліктерінде жұмыс жасаған. Артынан Жолдас жеті жасқа келгенде Ескенеге көшіп келіп, осында тұрақтапты. Оның «Қалмақ» деген аттан құтылып, Жолдас деген есімге қол жеткізгені де осы кез еді.

1934 жылы алғашқы мұнайын берген Ескененің бүгінде «қара алтыны» азайыпты. Ескененің жері шұрайлы болатын. Бір кездері жергілікті халық егін салып, бау-бақша да өсірген. Тіпті, демалыс бағының ішінде алма да өскен болатын. Оның өнімдері жиналып, жыл сайын балабақшаға жіберіліп тұрды. Көктемде Жайық тасығанда, су арнасынан шығып, Ескенеге де жақындап келетін. Көлігі барлар тасыған судан сазанды айырмен шаншып алатын. Кезінде Ескенеге мал дәрігерлік техникум көшіп келіп, біраз жыл осында болды. Облысқа қажетті кадрларды дайындап берді. Ескененің балшығымен емдейтін шипажайы да болғаны есімізде. Енді міне, сол Ескененің тұрғындары Атырауға көшірілмекші.

...Бұл өлкеде елеусіз ғана боз төбелер бірінен кейін бірі созылып жатады. Әдетте, бір-бірімен бой таластырған сонау көп жоталардан бөліне шығып, белуарынан батпаққа батып қалғандай тапал төбелер көзге шалынбайды. Өлкенің сирек бұта-талдарын шолғаннан кейін назарың сонау қырқаның жонына бір-ақ секіреді. Мына, Ақшелек ауылы Атырау-Ақтөбе теміржолындағы Мұқыр стансасының шығыс бетіндегі 28 шақырым жерге орналасқан ауыл. Ақшелек және Буракөл колхоздары Ақшелек ауылдық кеңесіне қарады. Екі колхоз орталығының арасы бар болғаны 7 шақырым еді. Ауылдық кеңестің орталығы Ақшелек ауылы болғандықтан, онда орталау мектеп болды. Ол кезде орталау мектепті бітіргендер орта мектептің 8 класына, немесе техникумның, училищенің бірінші курсына 7-ші класты бітірді деген куәлігімен түсе беретін. Буракөлде мектеп болмағандықтан, ондағылар қысы-жазы бірдей жаяу келіп оқитын. Ақшелек те, Буракөл де көлдердің

аттары. Буракөл Ақшелектің солтүстік-шығыс жағында орналасқан. Буракөлден бастап, Ақшелектің оңтүстік-батыс бағытына дейін жеті көл орналасқан. Олардың ішіндегі ең шұңғылы – Ақшелек. Көлге су тұрғанда Ақшелек көлінің тереңдігі 3-4 метрден кем болмайтын. Көлдердің орташа аумағы 3-4 шақырым. Көлдердің ішіндегі ең үлкені – Ұзынкөл. Оның ұзындығы мен ені 3-7 шақырым. Көлдерде негізінде бидайық өсетін. Ол кезде колхоздықтар қырлықтың шөбін шабуды білмейтін. Жазғытұрым барлық көлдер суға лық толатын. Қыркүйек айының аяғында көлдер құрғап, бидайықтар өсіп, шабындыққа жараған кезде колхоздар шөп шабуға кірісетін.

– Көлдердің ең қызықты сәті – мамыр айы. Ол кездері көлдерге қонбайтын, мекен етпейтін құстар жоқ болатын. Құстардың неше түрі: үйрек, қоңыр қаз, тор-ала қаз, қасқалдақ, аққуларға дейін толы болатын. Басқа құстардың түрі болса, болған шығар, бірақ та біз білетін құстардың аттары осындай болатын.

– Бір қызық жәйт айтайын. Ол кездері адамдардың құстармен, ал құстардың адамдармен шаруасы жоқ болады, – дейтін еңбек ардагері, осы ауылдың түлегі, геолог ақсақал Мақаш Рахметов сағым жылдарды еске алып. – Құстар жұмыртқа басып, балапандарын ертіп суға келіп жатса, адамдар көл жағалай орналасқан құдықтардан малын суарып, оны жайылымға айдап жатады. Бір сөзбен айтқанда, құстар өз шаруасымен әлек, адамдар өз шаруасымен әлек. Бір де бір ересек адам құстарды тұзақ, қақпан құрып, иә болмаса мылтық атып ұстап алуды ойлаған емес. Ондай ой оларға Ұлы Отан соғысы кезінде де, одан кейін де болған емес. Құстар да адамдар оларға қастандық жасайды деп ойламаса керек. Өйткені, біздер көлдің ауыл жақ жағасында шылпылдатып күніге суға түсетінбіз. Сонда, қасымызда таяқ тастам жерде құстар жүзіп жүретін, қорқып-үркүді білмейтін.

Бірде Жолдастың атасы Жұмалының ағасы Таласбайдың немересі, менен екі-үш жас үлкендігі бар Дәулет бастаған балалар болып, Ақшелек көлінің арғы бетінен екі шелек үйректердің жұмыртқаларын жинадық. Негізінде үйректер ұясын көлдің жағасынан онша алысқа салмайды. Ал, қоңыр қаздар құрлыққа көл жағасынан 1-2 шақырымдай жерге, тор-ала қаздар биіктіктегі інге, көбіне алыстағы молаларда ін жасап, соған салады.

Бір шелек жұмыртқаны үйге әкеліп, әкеме мәз болып айта бастағанымда, ол:

—Жұмыртқаларды қайта орнына апарып таста. Өзіңді ұстап алып, адам жейтіндердің алдына апарып тастаса, қалай көресің? — деді.

Шынын айту керек, ол кезде сол сөздің мәнісін түсінгенім жоқ. Әкем айтқанмен, жұмыртқаларды бұрынғы орындарына апарғанымыз жоқ. Өйткені, үйректер жұмыртқаларын адамдар ұстағаннан кейін оған жоламайды, жериді. Әрі әр ұяның жұмыртқаларын тап басып өз орындарына қою мүмкін де емес еді. Сөйтіп, жұмыртқалардың қызығын ауылдың уақ балалары көрді. Оның ішінде Қалмақ та бар еді.

Міне, Жолдас пен екеуіміздің кіндіктеріміздің кесілген жері осындай көрікті жер болды.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» демекші, қазір ол жерлерде ештеңе жоқ. Бәрі қаңырап, босқа қалды. Кезінде көл жағасындағы бір құдық түске дейін бір қора қой, түстен кейін бір қора қойды суаруға жететін еді. Қазір олардан бір тамшы су таппайсың. Ел жайлаған көлдерден су түгіл, бір тал бидайық көре алмайсың. Бұған кім кінәлі? Бұл сұраққа Жолдас екеуіміздің жауап таба алмағанымыз рас, — дейді Мақаш.

Рахима Әбітқызының монологы: Халықта: «Бір ауыз жылы сөз — бір адамның құны» деген даналық сөз бар ғой. Бір ауыз сөзбен адам баласын аспанға қанат байлап ұшыруға да, кебінге орап көрге кіргізуге де болады екен. Біреулерге өкпе артудан аулақпыз. Қанша еңбек етсек те, адамға қанша жақсылық жасасақ та ауызша айтылғанмен, тасқа басып біз туралы ештеңе жазылмапты.

Негізгі мақсат асыл ағатайым Жолдас Әбітұлы туралы тәптіштеп теріп айтуға ерік-жігер жете қоймағанмен, сүт бетіндегі қаймақтай қалқып айту болғанмен біздерді дүниеге әкеліп, әлпештеп өсірген, осындай дәрежеге жетуімізге барлық күш-қайратын аямаған ата-ана туралы қысқаша ой толғағанның сөкеттігі бола қоймас деп ойлаймын.

1901 жылы дүниеге келген әкем Жұмалыұлы Әбіт жалғыз ұл болғандықтан болар, ерке де еркін өсіпті. Батыл да қайратты, адал да әділ, баладай ақкөңіл, мінезі шапшаң келіп қалса да, артында зілі жоқ адам болатын. Жағымды қоңыр даусымен домбыраны шертіп отырып, Мұхиттың әндерін тамаша орындайтын. Балаға шөл болғандықтан ба, әлде табиғатынан балажан ба, менің жасым 7-ге келгенше арқалап жүрсе, алғашқы немересі Сәлиманы да: «Торғайым, торғайымды

қорғаймын» деп әнге қосып отыратын. Қарапайым еңбек адамы еді, Кеңестер одағы орнаған кезде жас жігіт Жылой бойынан Орынборға мал айдап, ата-анасын асыраған. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатынасып, 1945 жылы Жеңіс күнінен кейін елге оралған. Соғыстан кейін Мұнайлы, Тентексор, Ескене мұнай кәсіпшіліктерінде барлауда түрлі жұмыстарды атқарған. Зейнеткерлік жасқа жеткеннен кейін бір күн де жұмыс жасамады. Дүниеден өткенше намаз оқып, оразасын қаза етпеді. Өзі оқымаған қайран әке біздердің оқуымызды қуаттап, жоғары білім алуымызға барлық жағдайды жасады. Қиындыққа мойымады.

Алматы политехникалық институтының мұнай факультетін геология мамандығы бойынша бітіріп, 10 жыл геолог болып қызмет атқарған, төрт баласы бар, әке-шешесіне қиын болатынын білген, алға қойған мақсатын орындауға бірбеткей мінезді Ақ көкем Мәскеудегі И.М.Губкин атындағы мұнай және газ институтының барлаушылар дайындайтын факультетіне түскісі келетінін білдіргенде, ойланбастан: «Оқы, бала-шағаңа алаңдама» деген болатын. Көкем екеуіміз 1975 жылдың жазында біріміз – мұнайшы барлаушы, біріміз – балалар дәрігері маманы боп, дипломдарымызды алып келгенімізді көре алмады. 1974 жылдың желтоқсанында дүниеден озды.

Су сұрасам, бал берген, жая орнына жал берген қайран анам – Ерназарова Жәмила 1912 жылы дүниеге келген. Әкесі молда болғандықтан мұсылмандыққа жастайынан бейім болған. Мен ес білгелі ораза ұстап, намаз оқитын, аузынан Алласы түспейтін. Әдемі келген, биязы, өте ақылды, сабырлы жан еді. Бала кезінен естіген, көргенін нақыл етіп айтып отыратын. Қарапайым үй шаруасындағы жан болғанымен, өмірден түйгені көп болды, соны бала кезінде немерелеріне айтудан жалықпаған. «Өз балаңды өскенше, немереңді өлгенше» дегендей, немерелерін түгел өзі бағып өсіріп, шөберелерінің бесігін қасына алып тербетіп отыратын. Кімнің болса да көңілін табуға жұмыстанатын. Үлкенге де, кішіге де дауыс көтермейтін. Көрші-көлеммен ұрысқанын мүлдем көрген де, естіген де емеспіз. Сондай жағымды мінезінен болар ағайын-тума, айнала көршіге, бәріне қадірлі еді. Өзінен өрбіген бала-шаға, немере-шөберені айтпағанда, ағайынның балалары, келіндері «мама», «әже» деп атайтын.

Ашуды әрдайым ақылға жеңдіріп, бізді де соған тәрбиеледі. Кім болса да шамасы келгенінше көмектесіп, «болсын» деп отыратын. Балаларым «ақ ішсін» деп, өзінің мүмкіндігі таусылғанша түйе ұстап, шұбат

ашытып, «іше қойшы» деп балаларының ойнап, немесе сабақ оқып отырған жеріне өзі әкеліп беріп жүретін. Өзі ешкімге салмақ салмауға тырысатын. Ақ көкеме деген тілегі ерекше еді. «Жалғызымның алдында абыроймен кетсем, арманым жоқ. Тіпті көп жасап кеттім, әкемнің де, шешемнің де жасынан асып кеттім, жалғыздың өзінің, ұрпағымның жаманатын көрсетпей аллам ала қойса» деп тілеп еді. Алла тағала сол тілегін беріп, бәріміздің көз алдымызда 15 күн ғана ауырып, ризашылығын, ақылын, қалай жөнелтуіміз керек екендігін айтып, 1994 жылы 82 жасында мәңгілік сапарға аттанды.

Ата-ана туралы апталап емес, айлап айтуға болады. Ол бір таусылмайтын дастан, тыңдаған сайын тыңдай беруге, айтқан сайын айта беруге көңіл шіркін құштар болады да тұрады.

Қайран менің асыл да ардақты Ақ көкем, сенің маған деген қамқорлығың, сыйластығың тіпті ерекше еді ғой. Бәрін айтып, тауыса алмаспын. Дегенмен де... Ата-анамыздың тәрбиесінен болар, мен «көке» деп құрметтесем, ол «құлдығым, Рақыш» деп аялап өтті. Кішкене кезімде қанша еркелесем де, онша артық ерсі кетпеген де болармын, әйтеуір қабақ шытып көрген емес. Менің балалық мінезімнің әрбір сәтіне мәз болып, балаша қуанатын.

Алғаш мектеп табалдырығын аттарда мектеп формасын тігіншіге мені алып барып өзі тіктірген. Алғашқы қоңырауға да велосипедке отырғызып алып барған. Сол жылы Ескене орта мектебін үздік бітіріп, Алматы политехникалық институтына түсіп, көп ұзамай оқуына жүріп кетті. Сиректеу келіп тұрған хатына ата-анамыз хат танымайтындықтан, алғашқы кездері көршілердің жоғарғы сыныпта оқитын балалары оқып, жауап жазса, бірінші сыныптың аяғына қарай өзім оқып, жазатын болдым. Жазуы өте әдемі, түсінікті болатын. Сондықтан болар жауап жазғанда қате жібермеуге тырысып, қайта-қайта тексеретінмін, әдемі жазуға тырысатынмын. Каникулға жылына бір рет тек жазда келетін де, бірер ай болып, қайта кететін. Келгенде: «Ал, Рақыш, сабақ қалай, биыл не үйрендің?» деген сауал қойып, кішігірім «емтихан» алып, менің тәуір жауабыма мәз болатын. 5 жасымнан маған жабысқан кесел жас та болса жанына батып, «емдетсем, екі аяғын теңестірsem, қатарынан кем қылмасам» деп жүргенде, институт бітірер жылдары белгілі дәрігер Естөре Оразақов бір қыз балаға операция жасап, екі аяғын теңестіргені жайлы жазылған мақаланы үйге алып келіп, папам мен мамама оқып беріп, бір жыл жұмыс жасап, қаражат жинап, өзі

Алматыға алып барып, ауруханаға орналастырып кетіп еді. Оған дейін, аурудан шықпай, жылына 2-3 айлап емхана төсегін босатпай жүрген мен, кейін ауырмайтын болдым. Осы маған үлкен әсер етіп, мектеп бітіргеннен кейін бала дәрігері болсам деген арманымды білдіргенде: «Құлдығым, қиын болмай ма?» деп бір сұрақ қойды. «Сол мамандықты ұнатамын» дегеннен кейін «Болды, оқисың, оқытамын» деп кесіп айтты...

Күлән Аманқұлова, Жолдастың нағашы апасы:

-Апамның аты Жәмила, әуелі Тентексорда, Мұнайлыда, кейін Ескенеде тұрды. Каникулға шыққанда, жездеміз Әбіттің үйіне Ескенеге барамыз. Жолдас Мұнайлы селосында оқыды. Азан шақыртып қойған аты Қалмақ еді. Жеті бітіретін куәлік беретін кезде Қалмақ деген ата жауымыз, оның атын Жолдас деп жазуға рұқсат беріңіз деп мектептен өтінген. Содан құжатқа солай жазуға әкесі рұқсат берген еді. Біздер Ескі Қаратонда тұрдық.

Апам Жолдасқа кисель қайнатып, өбектеп жүретін. Адамды бауырына тартатын, кішіпейіл, аңқылдаған жан еді. Біздің ауылға келгенде, біздер қарсы аламыз. Домбыра тартып, ән айтатын. Дәстүрлі әндерді Әбіт жездеміз де айтатын. Бәріміз жиналып тыңдаймыз.

Жолдас музыкаға жақын болды. Сәкінің үстіне жиналып отырып, өлеңдерін тыңдаймыз. Әр түрлі аспаптарда ойнайды. Бала кезінен жігерлі екені білінді. Оқуды да жақсы оқыды.

Бала кезіміздегі қатынасымыз үзілген жоқ. Сәлиманы, Асланды оқуға түсіруге апарды. Сәлима кемпір мен шалдың баласы болды. Сәлима – апамның өзінің тәрбиелеп, өсірген қызы еді.

Рахима қарындасын мойнына салып жүретін. Бір күні қазылып қалған жерден аттайын дегенде, Рахима аяғын ауыртып алды. Содан аяғы ауырып қалды. Қарындасын емдетуге барын салып еді.

Автордың ойы: Ембі мұнайын мол өндіруге ескенеліктер айтарлықтай үлес қосқаны белгілі. Рас, бастапқыда ұжым кемшілік шырмауынан шыға алмады. Резерв көзін дөп баспай, жұмысшылар бірегей қимыл таныта білмеді. Сөйтіп, 1942 жылдың ортасына дейін мұнайға қарыздар болып келді.

Бұл олқылықтан шығу жолын ұжым мүшелерінің өздері тапты. Кәсіпшіліктің мамандары, байырғы мұнайшылары кеңесе келіп, ұңғымалардың ұмыт қалған кен қабаттарын арттырды.

Соның нәтижесінде кәсіпшіліктің мұнай өнімі күрт өсті. Қараша айында үздік нәтижеге жетіп, Бүкілодақтық социалистік жарыста жеңіп шықты. Кәсіпшілік Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Ауыспалы Қызыл Туымен марапатталды. Бұл туды ұжым жеті ай бойы ұстап тұрды. Жеті айдан кейін бұл Қызыл Ту ұжымда мәңгі сақтауға қалдырылды. Кәсіпшілік мұнайшыларының ерен еңбегі жөнінде «Правда» газеті 1943 жылғы 3 сәуірде кеңінен жазған екен. Ескене еңбекшілерінің соғыс кезіндегі көрсеткен жанқиярлық ерлігі газеттерде басылып, радиомен бүкіл елге жария болды. Ескенеге Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы Әбсамат Қазақбаев, Гурьев облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сергей Иванович Круглов жолдастар келіп, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын салтанатты түрде тапсырған еді. Бұл 1943 жылдың көктемі болатын. Салтанаттан кейін клубта осы мерекеге арналған концерт болып, онда Қазақ КСР-нің халық артисі Жамал Омарова ән шырқағанын әлі күнге дейін айтады.

«...Ескенеліктер кәсіпшіліктегі барлық буындардың сабақтаса әрі ырғақты жұмыс жасауы арқасында мұнай өнімін арттырып отыр. Отаны мен Қызыл Армия алдындағы терең жауапкершілікті сезінген өндіріс командирлері жоспар үшін, ішкі мүмкіндіктерді толық пайдалану үшін большевикше күресіп келеді.

Ескене кәсіпшілігінің озат мамандары еңбек өнімділігін арттыруға, материалды үнемдеуге, технологиялық процесстерді реттеуге бағытталған өнертапқыштық ұсыныстар беруде. Бұрғылау цехының механигі Рябов бұрғылау мен ұңғыманы жууды бір мотор арқылы жүзеге асыратын қондырғы ойлап тапты. Ол екінші моторды басқа мақсатқа пайдалануға мүмкіндік туғызды...

...Мұнай өндіру инженері Перерезерв 12 ұңғыманы ауық-ауық пайдалануды ұсынды. Мұны жүзеге асырғанда ұңғыма өнімдері артып, электр қуаты үнемделді.

Мұнайды молайту жөніндегі соғыс сұранысы өндіріс жетекшілерінен іскерлікті, тапқырлықты талап етті.

Жаңа ұңғыманы іске қосарда оның жабдықтары кәсіпшіліктен ізделеді. Бұрғылауда тұрба керек болса іштен табады. Ішкі

мүмкіндіктерді ұтымды пайдаланған ескенеліктер өздерімен қатар көршілерінің де мұқтажын өтеп отырады. Өткен жыл мен биылғы екі айдың ішінде ескенеліктер пайдаланбайтын ұңғымалардан 3000 метр тұрба шығарып, жаңа ұңғымаларды бұрғылауға жаратты, бұрын пайдасыз қалған 2000 метр тұрба жиналды, топтық қондырғыға ауыстырылғаннан кейін 21 станок-качалка босатылып, оның 17-сі көршілерге берілді, жүздеген метр ремень, 240 мың кВт сағат электр қуаты үнемделді.

Кәсіпшілік пайдаланушылары мұнай көздерін қосымша атқылау арқылы ұңғымалардың мүмкіндігін толық қажетке асыруды қамтамасыз етіп отыр. Қосымша аттырғаннан кейін №94 ұңғыманың өнімі 12 есе өсті, №172 ұңғыма – 20, № 73 ұңғыма – 6 есе мұнай беретін болды. Жыл ішінде кәсіпшілікте 32 ұңғыманың кен қабаттарын қосымша арттыру нәтижесінде қосымша 3000 тонна мұнай алынды...

...Ігі бастама көтерген Тамбов облысының колхозшылары еді. Оны барлық ел болып қуаттады. Республика еңбекшілері қызу қолдау көрсетті. Ауыл шаруашылығы қызметкерлері «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын жасақтайық деп үндеу көтерді. Бұған Атырау жұртшылығы, мұнайшылар да қосылды. Мыңдаған сом ақша жиналып тапсырылды.

Әрбір ұлт, әрбір өлке, жеке адам өз атымен жауға соққы берілгенін қалады. Атыраулықтар да осындай мақсат қойды. Теңіз ауданынан Ысқақова Қаделі самолет жасауға ақшасын берсе, балықшылар мен қала халқы «Рыбник Казахстана», «Трудящиеся Гурьева» атты танк колоннасын жасақтауға қаражат жинады.

Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туына ие болған Ескене кәсіпшілігі ұжымын бұл ойландырмай қоймады. Олар әуелі өз мүмкіндіктерін есептеді, аудандағы Ембі өңіріндегі әріптестерінің ықылас-ниетін салмақтады. Аудан басшыларымен, комбинат жетекшілерімен ақылдасып көрді. Бүкіл ел болып кірісіп жатқан шаруадан мұнайшылардың сыртқары қалуының жөні жоқ еді. Осыны мұнайшылар талқысына салып еді, олар қызу қолдап, танк колоннасын жасақтауға қаражат жинауды ұйғарды. Бастаманы бір ескенеліктер емес, бүкіл мұнайшы қауым қостап шықты. Мұнайшылар естіген бойда қолда бар қаражаттарын аямай беріп жатты...

...Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қызыл Туымен марапатталған және желтоқсан айының жоспарын 17 желтоқсанда орындаған Ескене

кәсіпшілігінің ұжымы «Қазақстан мұнайшысы» танк колоннасын жасақтау үшін қаражат жинау жөнінде бастама көтерді. Екі күнде 350 мың сом жиналды. Қаржы жинау жалғастырылуда.

Біздің мұнайымыз және жиналған қаражатымызға жасалған танкілер неміс-фашист жексұрындарын біржола талқандайтын сағатты жақындата түсетініне мұнайшылардың сенімі мол.

Ескенеліктердің бастамасына тек Мақат мұнайшылары ғана үн қосқан жоқ. Ол республика көлемінде қолдау тапты. Желтоқсан айының өзінде аудан бойынша 525 мың сом жиналса, Атырау қаласындағы Петровский атындағы зауыт, мұнай айдау кеңсесі, орталық зерттеу лабораториясы сияқты тағы басқа әріптес ұжымдардан 239256 сом ақша түсті.

Көп кешікпей, ауданға Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің жеделхаты келді. Онда танк колоннасын жасақтауға қаржы жинаған мұнайшыларға Қызыл Армия атынан жауынгерлік сәлем және шынайы алғыс жолданыпты...» («Ерлікке ескерткіш» кітабынан. Б.Демегенов, А.Елеусінов, С.Сағытжанов. Алматы. «Жалын» баспасы, 1995 жыл).

Ескенеліктердің осындай ерлік істеріне барлаушы Жұмалыұлы Әбіт те үлес қосқан болатын. Оның еңбек үлгісі соғыс жылдарында алтын әріппен жазылып қалған-ды.

Сүйіндік Өтепбергенқызы Ерназарованың монологы: – Өттең, өкінішті, ақын да, жазушы да емеспін. Егер ондай қабілеттерім болса ғой, не бір асыл, айшықты терең ойлы сөздермен Жолдас Әбітұлына естелік әңгімелерді жазар едім. Себебі, Жолдас мен үшін асыл аға, үлгі тұтатын, адамгершілігі таудай зор тұлға еді. Ол туралы қандай жақсы сөздер, айшықты теңеулер айтсам да, артық болмайды. Осы жазған қарапайым естеліктерімді кітапқа түсірілгенде мамандар өңдеп, әрлеп түсірер деп үміттенемін.

Мен Жолдастың нағашы қарындасымын. Яғни, оның мамасы менің апам, әкесі жездем. Бірақ, ол маған туған бауырдай қамқорлығын аяған жоқ. Маған шешем:

– Сен теңінді тауып, кете бер, мені Жолдасжан өлтірмейді, – деп айтушы еді. Сонда ол жиен баласына туған баласынан да артық сенім артушы еді.

Біз Жолдас екеуіміз бала күнімізден бірге өстік деуге болады. Жолдас жоғарғы оқу орнына түскенше бала күндерін Мұнайлы, Тентексор, Ескене елді мекендерінде өткізген-ді. Біздер – мен және Нағипа деген немере апам екеуіміз Қаратонда тұрдық. Бұл айтылған елді мекендер Атырау облысында орналасқан.

Жазда оқудан босай сала Нағипа екеуіміз Жолдас тұратын ауылға барамыз. Болмаса, Жолдас біздің ауылға келіп, жазғы демалысты бірге өткізетінбіз. Ол күнде бәріміз де жазғы демалысты асыға күтеміз. Шіркін, сол мезгілдер біздің ең бақытты шағымыз еді ғой.

Бірде Жолдасқа папасы мен мамасы:

– Сен Қаратонға биыл бармай-ақ қой, біз барайық. Сен үйде малға қарап, көршілердің үйінде бола тұр, – деп, қалдырып кеттік деген оймен өздері ауылдың бір көлігімен Қаратонға бет алып кете берген. Үйден 5-10 шақырым ұзағанда, алдарынан бір қараңдаған жанды көреді. Жақындап келсе, өздерінің баласы екен шауып бара жатқан. Амал жоқ, баланы салып алып, Қаратонға ертіп кетеді. Ол мезгілде Жолдас 10 жаста ғана еді. Сол қайсар, дегенінен қайтпайтын мінезі бала күнінен қалыптасқан еді.

Жолдастың бір басында адам баласының барлық асыл қасиеттері топталған. Оның бойынан адамгершілік, кішіпейілділік, анаға, әкеге, жұбайына, балаларға, ағайын-тумаға деген кіршіксіз махаббат, еңбекқорлық, кішіге үлгі, үлкенге ізет көрсететін қасиеттері мол. Әке мен анаға ешқашан қарсы келіп, дөрекі мінез көрсетпеген. Бірде мен үйлеріне бардым. Жолдас жұмыстан шаршап келді ме, жұбайы Рыстыға қатулана сөйлеп, сұс көрсетейін деп еді, әкесі қамшысын алып:

– Жап аузыңды, – деп ұмтыла бергенде, баласы:

– Папа, қойдым! – деп, басқа бөлмеге кіріп кетті. Сонда Жолдас та екі баланың әкесі еді. Ол үнемі:

– Әке мен ананың қадірін білмеген бала бала емес, ондай баланы ел болып тәрбиелеу керек, ақылсыздығын бетіне басу керек, – деп отыратын. Өзінен кішілерге ақылын айтып, тек сөзбен айтып қана қоймай, іс жүзінде де жеткізіп отыратын.

Жолдастың кісіге деген жанашырлық қасиеті де сәби күнінен қалыптасқан. Соның белгісіндей, мына бір қылығын айтуға болады. Менің анам Шоқан:

– Жолдасжан кішкентайынан зерек бала болды, өте сезімтал бол-

ды. Бір күні балалармен ойнап жүргенде, достарының біреуін трактор басып кетіпті. Басқа балалардың барлығы да қаша жүгіргенде, Жолдас жүгіріп, қаза болған баланың ата-анасына «ана жерде, ана жерде» деп жылай берген. Баласының қайтыс болғаны жөнінде тура айтуға бата алмай, анасын аяп тұрғаны ғой. Өзі қайта қаза тапқан баланың қасына барып, жылап отырды, – деп әңгімелеген еді. Сол кезде ол алты жаста екен.

Ата-бабадан бері келе жатқан балаға көз тимеу үшін әртүрлі әдеттер бар. Соның бірі ат қою болып саналады. Баласының дені сау болу үшін Арыстан, Жолбарыс, Қасқырбай, Бөрібай, Аюбай деп ат қойса, бай боларын тілеп Түйебай, Жылқыбай, Қошқарбай деп әртүрлі есімдер қоя береді. Сондай-ақ аға өмірге келгенде, балаға шөл апа мен жезде баласына азан шақырып қойған аты Қалмақ екен. Осы есім азамат болғанда да қазіргі атына қосарланып айтылып келеді. Жолдас аға – мектепті де, жоғарғы оқу орнын да өте жақсы бітірген азамат. Ол кезде бүгінгідей тоғыз жылдық та, бұдан он шақты жылғыдай сегіз жылдық мектеп те болмай, жеті жылдық мектеп болған. Жетінші сыныпты өте жақсы бағаға бітірген ағаның куәлігін толтыру кезінде Ескенедегі мектеп директоры Мырзақуат Телеубаев Қалмақтың әке-шешесі, менің апа жездем Әбіт пен Жәмилаға келіп: «бала жеті жылдықты өте жақсы бітірді. Ондай куәлікке «Қалмақ» деген атты жазуға болмайтынын түсіндіріп, атын өзгертіп, жақсы жолдас болғалы тұрған баланың атын «Жолдас атайық» деп ұсыныс айтыпты. Оған келісе қоятын ата-ана бар ма? Келіспейді. Енді директор сауаты аздау ата-ананы өз мақсатына жету үшін, тәуекел етіп қорқытпақ болады: «Қалмақ қазаққа жау болған. Жаудың атын қою дұрыстыққа жатпайды. Сіздер балаңызға сол ұлттың атын қоюмен бірге ұлтаралық араздық туғызасыздар» деп, тікелей шабады. Ол кезде «ұлы көсемнің» саясаты дәуірлеп тұрған, адамдар өзінің көлеңкесінен де қорқатын. Директордың ұсынысына ата-ананың көнбеске амалы қалмайды да, сол күннен бастап баласын Жолдас атайды. Жеңісіне мәз болған директор мектебіне барып, жетінші сыныпты бітірген куәлікке «Жұмалиев Жолдас Әбітұлы» деп жазады.

Жолдастың жас кезінде үйде отырып, сабақ оқығанын ешкім көрмейтін. Мамасы «Жолдасжан, сабағыңды неге оқымайсың?» десе, Жолдас «Мама, оқып жүрмін ғой» деп жүре береді екен. Арты-

нан мамасы бақылап қараса, ол бос мезгілін ауылдағы мектептің кітапханасында өткізетін көрінеді. Сабағын да, әдеби кітаптарды да сол жерде оқып отырады екен. Жолдас қазақ мектебін бітіргенмен, орыс тілін өте жетік білетін. Себебі, жастайынан Пушкин, Лермонтов, Толстой, Некрасов, Достоевский, Гете, Бальзак, Мопассан, Дюма, Гюго сынды классиктерді оқып өсті. Тіпті, сол жазушы-ақындардың маңызды шығармаларын жатқа білетін. Сондықтан, мектепті, кейіннен екі жоғарғы оқу орнын үздік бағалармен бітірді.

Қарындасы Рахима мектепке барып, әріп таныған кезде, сол жинаған кітаптарын қаласын-қаламасын оқытатын. Содан болар, Рахима да оқуға зерек болды. Тіпті, Алматы дәрігерлік институтына оқуға түсу емтиханын тапсырғанда қазақ мектептерін бітіргендер жазатын диктант емес, орыс тілінде мектеп бітіргендермен бірге шығарма жазуға ұсыныс жасаған. Біршама айтыстан кейін ғана диктант жазатындар отырған аудиторияға кіруге мүмкіндік алған еді. Жолдас аға «орысша білмейтіндер өмір сүре алмайтын заманда» қарындасының қорлық көрмеуі жағын ертерек ойлаған еді.

Ол өзіне қойған сұрақтарға көбіне тура жауап бермей, адамның өзін тұжырым жасауға итермелейтін. Әлі есімде, менің мектепке әлі бара қоймаған кезім. Күндегі әдетімізбен патефонның құлағын бұрап, күй табақты қойып, ән тыңдап отырғанбыз. Неге екенін білмеймін, маған:

– Осы жәшікте кім бар? Ол мұнда қалай сыйған? – деген ой келді де, сол сұрақты ағаға қойып қалдым. Ол жәшіктен кішкене адамдар орын алғанын, оны көруге болмайтынын, жәшік ашылса шығып кетіп, ән тыңдау мүмкіндігінен айырылатынымызды, олардың мүлдем қарны ашпайтынын, сондықтан тамақ сұрамайтынын тәптіштеп айтып берді. Күлмейді. Мен сендім. Көпке дейін осы ұғымда болдым. Патефонды көрген сайын маған жаңағы ұғымдар елестейтін. Өсе келе, көре-жүре патефонның жұмыс істеу жүйесін де білдік. Ең бастысы маған ой тастап, толғандырды. Білуге құштарлығымды арттырды.

Жолдастың тағы бір қасиеті өзі жасаған ізгі істері, жақсылықтарын білдірмей жасауға тырысатын. Оны қашан да басқа адамдардан соңынан еститінбіз.

Жасөспірім шағымызда мен Жолдас, Нағипа үшеуіміз армандарымызбен бөлісіп отыратынбыз. Жолдас көп балалы болып, жоғарғы оқу орнын бітіріп, адал еңбек етіп, балаларын өсіріп, аяқтарына тұрғызып,

адам болғандарын көрсем деп армандайтын. Кәріліктің қажеті жоқ дейтін. Өзі айтқандай, сол арманына жетіп, ең болмаса 60 жасқа да толмай, дүние салды ғой.

Автордың ойы: Сонымен, балалық шаққа саяхатымыз аяқталып келеді. Алда Алматы. В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты ауыл баласын білім құшағына алды. Жолдас анау-мынау емес, геолог болуды армандаған-ды. Енді сол жолда тер төкпек. Әрине, оқу инемен құдық қазғанмен бірдей деген ғой. Шынында да, қиын болды. Орыс жолдастарының арқасында бұл қиындықты да жеңді-ау. Оқу бітірер сәтте Ембі мұнайшылары Прорваға шабуыл жасап жатты. «Прорваны екінші Баку жасаймыз!» деген ұран қалықтап тұрды. Әйтеуір, оған да жетті-ау. Прорвадан кейін Теңіз тұрды. Оны да игерді. Бүгіндері төрткүл дүниеге аты жеткен Теңіз кенішін де осы Жолдастар игерген болатын. Енді оның орнын бұл күндері ұлы Аслан басса, Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай және газ институтын бітіріп келіп отырған немересі Айдар да жалғастырмақ. Ұрпақ сабақтастығы деген осы емес пе, шіркін...